**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 карашадағы № 1899 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 мамырдағы № 417 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қылмысқа қарсы күрес саласындағы ақпарат алмасу туралы келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 қарашадағы № 1899 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақ «Ішкі істер министрлігі,» деген сөздерден кейін «Президенттің Күзет қызметі,» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қылмысқа қарсы күрес саласындағы ақпарат алмасу туралы келісімнің 1-бабының 3-тармағына сәйкес депозитарийге Қазақстан Республикасынан құзыретті органдар тізбесінің өзгеруі туралы хабарласын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК